

Мердің
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)
Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген
Білім беру ұйымының атауы: _____
Сынып: 9 Литер: _____
Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жаңа типті (гимназия, лицей) мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9- сынып
1-нұсқа**

1-тапсырма.Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Отбасы – шағын мемлекет

Отбасы–сыйластық орнаған шағын орта. Себебі әр мемлекеттің өзіне тән сыртқы, ішкі саясаты, кірісі мен шығысы болатыны сияқты әр отбасының да дәл сондай тіршілігі бар.Ол да өзінше басқаруды талап етеді. Сондықтан да қай уақытта болмасын отбасының құрылымына зор мән беріліп, оның іргетасының берік болуына атсалысу – әр отбасы мүшесінің міндеті.Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиесін отбасы қалыптастырады. Отбасы – адам өмірінің ең негізгі бастауы.Әр адам өз отбасын құрметттеуге, жоғары бағалауға міндетті.

«Отан– отбасынан басталады» дегендей, Отанды сүю–отбасынан басталады. Себебі отбасы–бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады.Баланың бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады.Ата-ананың отбасындағы маңызды міндеті-өз баласын қоршаған ортаға бейімдеп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу. Қазақ отбасында бала ата-ананы ерекше құрметтеген. Бала ата–анасына қартайған шағында қамқорлық көрсетеді және отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді сақтайды. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Аталар мен апалар ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Қазақ халқы шаңырақты, отбасын жоғары бағалап, артында үлгілі ұрпақ, сенімді мұрагер қалдыруға тырысқан.

Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Қазақ отбасында бала– ең үлкен құндылық. Сол баланың тәрбиелі болып өсуі отбасыға тікелей байланысты. Ендеше, ата-ана мен бала арасындағы байланыс берекелі, шаңырағы мықты отбасы болуға тиіс. Қазақтың түсінігі бойынша, ұл бала – өмірдің жалғасы. Отбасы-адамның тірегі және сарқылмас қайнар бұлағы. Кез келген ұлт рухын қалыптастырушы отбасы болып табылады.Әр адамның отбасы еліміздің тұрақты және кемел дамуына өз қолдауын тигізеді.

Отбасы - ешнәрсемен ауыстыруға болмайтын өте қажетті баспалдақ. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға

болмайды.Отбасы – адам өмірінде ерекше орын алады.

«Әке – асқар тау, ана – бауырындағы-бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», – деген қазақ халқында мақал бар.Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім - жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Отбасы – рухани жаңғырудың негізі, ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі. Отбасының негізгі міндеті - баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету.Отанның бір бөлшегі – отбасына ештеңе де жетпейді! Өйткені отбасы – табиғаттың әр адамға сыйлаған керемет бір сыйы! (350сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

жанұя - _____ [1]

әке –шеше - _____ [1]

бірінші- _____ [1]

кісі - _____ [1]

айрықша - _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма.Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы:Отбасы – сыйластық орнаған шағын орта.

Сыйластық _____

Жауабы:Сыйластық орнаған шағын мемлекет– жанұя.

1. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиесін отбасы қалыптастырады.

Отбасы _____

_____ [1]

2. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады.

Отбасынан _____

_____ [1]

3.Отбасы – адам өмірінің ең негізгі бастауы.

Адам өмірінің _____

_____ [1]

4.Қазақ отбасында бала ата-ананы ерекше құрметтеген.

Бала _____

_____ [1]

5. Ата-ананың отбасындағы маңызды міндеті-өз баласын қоршаған ортаға бейімдеп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу.

Өз баласын _____
_____ [1]

6. Бала ата–анасына қартайған шағында қамқорлық көрсетеді және отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді сақтайды.

Ата–анасына _____
_____ [1]

7. Отбасы- адамның тірегі және сарқылмас қайнар бұлағы.

Адамның _____
_____ [1]

8. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

Қоғамның _____
_____ [1]

9. Кез келген ұлт рухын қалыптастырушы отбасы болып табылады.

Ұлт рухын _____
_____ [1]

10. Әр адамның отбасы еліміздің тұрақты және кемел дамуына өз қолдауын тигізеді.

Еліміздің _____
_____ [1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз..

1. Отбасындағы әке- шешенің ең маңызды міндеті не?

1. _____
_____ [1]

2. Отбасы неге шағын мемлекет? 2 себебін жазыңыз.

1. _____
2. _____ [2]

3. Отбасы әр адам үшін не? 2 нақты жауап жазыңыз.

1. _____

2. _____ [2]

Барлығы: [5+5=10 балл]

**Жаңа типті (гимназия, лицей) мектептерге арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9- сынып
1-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	отбасы	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберілген орфографиялық қателер үшін балл саны шегерілмейді.
	2	ата-ана	1	
	3	бірінші	1	
	4	адам	1	
	5	ерекше	1	
2	1	Отбасында жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиесін қалыптастырады.	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	Отбасынан/ жанұядан адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы басталады.	1	
	3	Адам өмірінің ең негізгі бастауы– отбасы / жанұя.	1	
	4	Бала қазақ отбасында ата-ананы/әке-шешені ерекше құрметтеген/сыйлаған.	1	
	5	Өз баласын қоршаған ортаға бейімдеп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу - ата-ананың / әке- шешенің / жанұядағы отбасындағы маңызды міндеті.	1	
	6	Ата –анасына қартайған кезінде баласы көмектеседі әрі отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді сақтайды.	1	
	7	Әр адамның/кісінің сарқылмас қайнар бұлағы – отбасы/жанұя.	1	
	8	Қоғамның да, адам ғұмырының басты / негізгі тірегі де – отбасы.	1	
	9	Ұлт рухын кез келген отбасы қалыптастырушы болып табылады.		

	10	Еліміздің тұрақты және кемел дамуына әр адамның /кісінің отбасы / жанұясы өз қолдауын тигізеді.	1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
3	1	Ата-ананың отбасындағы маңызды міндеті-өз баласын қоршаған ортаға бейімдеп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу.	1	Білім алушының өз сөзімен жазған жауаптары қабылданады. Бірақ жауаптар мәтінде айтылған ақпараттар негізінде берілуі керек
	2	1. Әр отбасының өз тіршілігі бар. 2. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады.	1 1	
	3	1. Адамның тірегі/ қайнар бұлақ 2. Бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы	1 1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	